

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 2 қыркүйектегі N 890 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 16 қазандағы N 956 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде, мемлекет немесе мемлекеттік жер пайдаланушылар жалға берген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын, сондай-ақ жер учаскелерін жалдау құқығын сату төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 2 қыркүйектегі N 890 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., N 36, 360-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

"Көкшетау қаласы" деген жолдағы "114" деген сандар "1290" деген сандармен ауыстырылсын ;

"Қостанай қаласы" деген жолдағы "123" деген сандар "1357" деген сандармен ауыстырылсын ;

"Павлодар қаласы" деген жолдағы "114" деген сандар "1365" деген сандармен ауыстырылсын ;

"Тараз қаласы" деген жолдағы "181" деген сандар "1040" деген сандармен ауыстырылсын ;

"Өскемен қаласы" деген жолдағы "145" деген сандар "1304" деген сандармен ауыстырылсын .

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының

К. Мәсімов